

Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі

«Өзін- өзі басқару» ұйымының есебі

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушыларының арасында "Қысқы ертегі" тақырыбындағы шығармашылық жұмыстары алынды.



Мектебіміздің 9-11 сыныптар балаларымен құқық бұзушылықты және қылмысты ескерту бойынша "Заңға қайшы әрекетке барма!" тақырыбында мәдениет министрінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді. Кездесуге ІІБ қызметкері Шайкенов Жанабай қатысты.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде Инабат қыздар үйірмесінің жетекшілерінің қадағалауымен және мәдениет министрінің бастамасымен 8-11 сынып қыз балалары арасында «Шаш үлгісін жасап үйренейік» атты фотосуреттер байқауы өтті.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде "өзін-өзі басқаруы" және "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Алғыс айту - парызым" атты жиын өтті.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Ана деген - тіршіліктің тірегі” атты мерекелік іс - шара ұйымдастырылды. Ұстаздарымызды 8 - наурыз мерекесімен құттықтап, жақсы көңіл - күй сыйланды!



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің "Өзін-өзі басқару" ұйымы, "Жас Ұлан" ұйымының оқушылары аудандық мешітті қыз балалары ішін жинап, ер балалары ауланы тазалады.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Өзін өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен 7-10 сыныптар арасында мектепшілік волейбол жарысы болып өтті. Нәтижесінде I орынды 9"а" сыныбы, II орынды 8"ә" сыныбы, III орынды 8"а" сыныбы жеңіп алды. Үздік ойыншылардың марапатталды.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 5-бсыныптар арасында "Қауіпсіз терезе" атты суретшілер байқауы болып өтті. Байқау қорытындысы бойынша I орынды Бұзаубақова Жанайкерім, II орынды Қайырғали Инабат, I орынды Бекболат Айару иеленді.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасын мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы бірлігіне арналған "Ынтымақ, бірлік - ең басты байлық" тақырыбында мерекелік жиын өткізілді. Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде еліміз тыныш, жұртымыз аман. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымызға сызат түспесе екен. Әр ұлттың биі биленіп, әні шырқалды. Ұлттық әніміз шырқалды.



4 қаңтар мектебімізде оқушылардың қысқы демалыс күндерін тиімді пайдалану мақсатында 7-8 сыныптар арасында "Көңілді мәре" жарысы өткізілді. Жүлделі бірінші орынды 8"Ә" сыныбы "Достық"-командасы жеңіп алса, екінші орын 7"Ә" сыныбы "Барыс"-командасы еншіледі.

#өзінөзібасқаруұйымы



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі. 1 наурыз "Алғыс айту" күніне орай "Өзін - өзі басқару" ұйымының жасаған "Алтын жүрек" челленджі.

Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі 14.04.2023 жылы мектебімізде ұстаздар мен оқушылар арасында дебат ойыны өткізілді.

Мақсаты: ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың сөздік қорын дамыту.

Қарар : "БП беделі төмен мамандықтарды романтизациялауды қолдайды"

Ойынға "Атамекен" және "Парасат " фракциялары қатысып жақсы ойын өрнегін көрсетті.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасын мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы бірлігіне арналған "Ынтымақ, бірлік - ең басты байлық" тақырыбында мерекелік жиын өткізілді. Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде еліміз тыныш, жұртымыз аман. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымызға сызат түспесе екен. Әр ұлттың биі биленіп, әні шырқалды. Ұлттық әніміз шырқалды.



Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұстаздар күніне орай 6 қазан күні өзін-өзі басқару күні болып өтті. Жоғарғы сынып және өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары бір күн бойы ұстаздық қызметтің қиыншылығымен қуанышын сезінді.



Амангелді ауданы білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен 13 қазан күні Амангелді жалпы білім беретін мектебінде "Білім беру ұйымдарындағы аға тәлімгердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбында аудан тәлімгерінің арасында семинар болып өтті. Семинарда мектебімізде аға тәлімгері Сейтқалиева Әлия Оңдағанқызы сертификатталды.




Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі "Қыран елім - Қазақстан" тақырыбында Жас Қыран ұйымының оқушыларымен әнұран айту флешмобына қатысты.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі «Өзін-өзі басқару» ұйымының премьер – министрі Тұрғанова Алтынай әлеуметтік желі арқылы Республика күнімен құттықтады.

Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде "өзін-өзі басқару" ұйымының жұмысын жан - жақты жүргізу мақсатында президент сайлауы болып өтті. Сайлауға мектеп оқушылары қатынасты. Сайлау нәтижесінде мектебіміздің 8 сынып оқушысы Мұханбетқалиев Нұрдаулет ұйымның президенті болып сайланды.



Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 5 - 7 сыныптар арасында "Алтын күз-2023" тақырыбында алтын күз мерекесі аталып өтілді. Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8-10 сыныптар арасында "Алтын күз-2023" атты күз мерекесі болып өтті. Сыныптар өз өнерлерін ортаға салды. Соңында би кешімен аяқталды.



Әр министрдің өзіне артылған қайсысына жүктелген жұмыстарды атқарып отырады. Апта сайын білім министрімен өзім басы қасында жүріп, оқушылардың күнделікті оқу құралдарымен күнделіктерін тексеріп отырамыз. Күнделікті күнде әр сынып оқушыларды текеріп отырамын. Денсаулық министрімен бірге мектебіміздің медбикесі Қалиева Меруертпен бірлесе отырып, әр сыныптың тазалығын және оқушылардың бой басын тексеріп отырамыз. Тексеру барысында кеткен кемшіліктерді сынып жетекшілеріне ескертіп айтып отырамыз. Аптаның басында қорытынды жасау мақсатында оқушыларға мадақтамамен ауыспалы кубок табысталды. «Үздік сынып», «Таза оқушы»,

«Таза сынып», «Ұқыпты оқушы», «Белсенді оқушы», «Үздік күнделік» аталымдарымен марапатталып отырады.



Қараша айында жоспарланып отырған мектеп парламентінің ұйымдастыруымен сыныптардың топбасшыларының арасында интеллектуалды сайыс өтеді. Сонымен қатар желтоқсан айына «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдау салтанатты жиына өтеді. «Қош келдің, жаңа жыл» мектепшілік жаңа жыл мерекесі болып өтеді.